



# YESSENOV UNIVERSITY

**Міндеті:** әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ете отырып, аймақтың және университеттің бизнес-үдерістеріне тартылған мамандар ресурсының заманауи талаптарына сай келетін, бәсекеге қабілетті және креативті ұрпақты жетілдірудің айрықша үлгісі қалыптасатын негізде ашықтық принциптерімен ғылым-білім беру қызметін жүзеге асыратын Каспий маңы өңірлік ғылым-білім беру хабын құру.

**Пайымы:** Каспий маңы өңірлік білім, ғылым мен мәдениеттің жоғары беделді және танымал, жетекші орталығы.

Стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін университет **білім беру саласында төмендегі міндеттерді шешеді:**

- заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды пайдаланып жаңартылған білім бағдарламалары негізінде жоғары білім сапасына кепілдік беретін жоғары санатты мамандарды даярлауды жүзеге асыру;

- тұлғаның қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына жауап беретін негізгі және қосалқы бағдарламалардың, жаңа бағыттардың маман дайындаудың кең көлемін ендіру, үздіксіз және инклюзивті білім беруге жағдай жасау;

- білімалушыларды сыни ойлауға, креативтілікке, көшбасшылық қасиеттерге, жаңартылған білімдерді ұдайы іздестіру қажеттілігіне тәрбиелеу, оларды интелектуальды, мәдениетті, әлеуметтік белсенді және үйлесімді дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға ықпалдастыру;

**Ғылыми қызмет пен кәсіпкерлік саласында:**

- университеттің жалпы әлеуетін анықтайтын фундаментальды және қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізеді;

- жоғары оқу орнынан кейінгі ғылыми кадрлар дайындауды жүзеге асырады; ғылым мен білім саласында эксперттік-аналитикалық қызмет жүргізеді;

- ғылыми ауқымды технологияларды тиімді трансфереттеуді қамтамасыз ететін инновациялық даму инфрақұрылымдарын кеңейту;

- білімалушылардың, ПОҚтың, университеттің қызметкерлері мен кәсіпкерлерінің кәсіпкерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау;

**Аймақтық даму саласында:**

- аймақтың әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуына ықпал ету;

- жергілікті атқарушы билік органдарымен, азаматтық қоғам институттарымен экономиканың шынайы секторымен сапаны қолдау үшін әріптестік, креативтілік және инновациялар;

- аймақ экономикасының жоғары технологиялық секторларын құруға бейімдейді;

- әлеуметтік тұрақтылықты құруға әрекет етеді;

**Халықаралық ынтымақтастық саласында:**

- аймақтық және халықаралық университеттік желілерді құруға белсене араласады;

- ғылым мен білім саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытады;

- қазақстандық білім экспорты жүйесі аясында шетел студенттеріне оқыту жүйесін құрады;

- Каспий маңы елдерінің халықаралық ынтымақтастық бағдарламасына белсенді қатысады.